

# *Медициналық этика және деонтология*

*Қабылдаған: Жолдас Клара  
Орындаған: Алиманов Бағлан  
Тобы: ЖМ-112*

# Этика

Этика – адамның іс-әрекеті сферасында өте жиі қолданылатын түсінік. Сондықтан этиканы философияның бір бөлігі ретінде бөліп алу қажет, яғни, философиялық ғылымды- және этиканы оның қосымша түсінігі ретінде. Этика ғылым ретінде (грекше *ēthiká* от *ἔθος* – дәстүр, міне-кұлық) моральді оқытады. Зерттеу аймағы мағынасын білдіргендіктен бұл терминді алғаш рет Аристотель қолданды. Этика адам қоғамы дамуының әр түрлі этаптарында моральді принциптердің, бағалылықтың түзілу заңдылығын қарастырады.



**ПРОФМЕД**

ЦЕНТР ПРОФИЛАКТИКИ

И ТЕРАПИИ НАРКОМАНИИ

И АЛКОГОЛИЗМА

[Главная](#)

[Лечение наркомании](#)

[Лечение алкоголизма](#)



[Об нас](#)

[Программа](#)

[Реабилитация](#)

[Гарантии](#)

[Семья](#)

[Новости](#)

[Контакты](#)

**ПрофМед: лечение наркомании и алкоголизма**

# *Медициналық этика*

Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасына, тән және жан тазалығын қарастырады. Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болған жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.



Этиканың маңызы тәжірибелік қызметтегі, ғылыми жұмыстардағы адамдар арасындағы қатынастың нормаларын суреттеуде қолданылады. «Кәсіптік этика» түсінігі кең қолданылады. Сондықтан мамандық көзқарасына дәстүрлер, идеялар, тәжірибелер жиынтығы болады. Дәрігерлік және мейіркелік этика туралы түсінік, ғылыми медициналық зерттеулер туралы этика планетамыздағы медициналық қызметтің барлық тарихына кіретін принциптерді құрайды. Бұл жерде медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеті, кәсіптік компетенттілік, деонтология сияқты категорияларға көп орын бөлінеді.

# *Дәрігерлер ұжымы*



Дәрігерлік міндет – дәрігер мен науқас арасындағы, дәрігерлер арасындағы, дәрігер және қоғам арасындағы қатынасты реттейтін бұрыннан қалыптасқан талаптардан және нормалардан тұратын комплекс. Кәсіптік міндет бір жағынан дәрігерлік моральдің басты принципі – гуманизмнің белгісі болып табылады, (адамгершілік, адамдарды сүйу), ал екінші жағынан гуманизм және дәрігерлік міндет қарама-қарсылықта көрінеді. Дәрігер ешкімге де медициналық көмек көрсетуден бас тартуға болмайды. Бұл моральді міндет Гиппократтың антында, Женева декларациясында және басқа да құжаттарда айтылған.



Қазіргі кезде медициналық этиканың принциптері биомедициналық этика түсінігінде тұрақталған. Ол медицина қызметкерлерінің жеке тұлғасының әлеуметтік функциясын қорғайды.

Қазіргі таңда «биомедициналық этика» үш түрде немесе модельде беріледі:

1. *Гиппократ модельі*. Бұл модельдің негізгі принципі – «зиян келтірме». Дәрігер пациенттің әлеуметтік сенімін жеңеді. Медицина атас Гиппократпен тұрақтанған дәрігерлік принципі (460-377жж.), қазіргі таңда белгілі «Антта» көрсетілген.

2. *Парацельс модельі* (1493-1541 жж.) – «Қайырымдылық жасау», орта ғасырларда пайда болған. Оның негізгі мағынасы емдеудің барлық процессін кұрайтын дәрігердің пациентпен контактісі болып табылады.

3. *Деонтологиялық модель* немесе дәрігерлік этика, 1840 ж кұрылған. (авторы Петров). Негізгі принципі «міндетті орындау».

4. *Биоэтика* – дәстүрлі медицинаның заманауи түрі, негізгі принципі «адамның кұқығын және мәртебесін сыйлау».






*Дәрігерлік құпия*

- 1. Медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау немесе емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер дәрігерлік құпияны құрайды.
- 2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне жол берілмейді.
- 3. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен пациентті зерттеп-қарау және емдеу мүддесіне орай, ғылыми-зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғаларға беруге жол беріледі.

# *Дәрігерлік деонтология*



Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігер шеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс.

